

**Қорғалжын ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 11 ақпандағы № 22 "2013 жылға Қорғалжын ауданындағы халықтың нысаналы топтарына жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Қорғалжын ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 1 қазандағы № 177 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 23 қазанда № 3850 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Қорғалжын ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 2 наурыздағы № 39 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Қорғалжын ауданы әкімдігінің 02.03.2016 № 39 қаулысымен.**

**РҚАО ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы " Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңына сәйкес, Қорғалжын ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қорғалжын ауданы әкімдігінің "2013 жылға Қорғалжын ауданындағы халықтың нысаналы топтарына жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы" 2013 жылғы 11 ақпандағы № 22 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3669 тіркелген, 2013 жылғы 22 наурызда " Нұр-Қорғалжын" газетінде жарияланған) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін: қаулының кіріспесі жаңа редакцияда баяндалсын:

"Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы " Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5 бабының 2 тармағына, 7 бабының 2) тармақшасына сәйкес, Қорғалжын ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:"**.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қорғалжын ауданы әкімінің орынбасары С.Қ.Аққожинаға жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК